

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МҰРАСЫН ТАНУДЫҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ: АЛАШТАН КЕҢЕС ДӘУІРІНЕ ДЕЙІН

Сарсенова А.

Ғылыми жетекшісі: Phd., аға оқытушы Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Электрондық адресі: Aikerim.s04az@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа. Тарихшы академик Х. М. Әбжанов «тұлғасыз ел жетім» дегендей елі мен халқының бәсекелестік қабілетін арттыратын, ілгерілей дамуына қажетті жаңашылдықты, сабақтастық пен жалғастықты қамтамасыз ететін, сын-қатерден аман есен алып шығуға септесетін мәңгілік мұра иесін тұлға болып табылады. Қарақан басының ғана қамын жейтіндер ешқашан тұлға биігіне көтеріле алмайды. Ұлт ұстазы Ахаң айтқандай, «Адамға ең қымбат нәрсе - жұрт қамы, жұрт ісі» [1, 5 б]. Ұлттық тарихымызда тұлға биігінен көрінгендер шоғыры баршылық. Бұлар халықтың күші мен ақылын жасампаздықпен ортақ іске жұмылдыра алғандықтан тарихи жадымызда мәңгілікке жазылады. Абай Құнанбаев мұрасын тану үдерісі тарихнамалық тұрғыдан үш негізгі кезеңге бөлінеді: революцияға дейінгі зерттеулер, кеңестік кезеңдегі еңбектер және тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі ғылыми талдаулар.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, зерттеу, идеология, тарихнама, әдебиет, көзқарас, абайтану, жинақ, мәдениет.

Аннотация. Историк академик Х. М. Абжанов, как говорят, «безличная страна-сирота», является обладателем вечного наследия, которое повышает конкурентоспособность страны и народа, обеспечивает инновации, преемственность и преемственность, необходимые для поступательного развития, способствует благополучию и преодолению вызовов. Те, кто заботится только о головах каракана, никогда не смогут подняться выше личности. Как сказал учитель нации Ахан,» самое дорогое человеку - это забота о людях, дело о людях " [1, с. 5]. В нашей национальной истории существует множество проявлений личности. Они навсегда останутся в нашей исторической памяти, поскольку смогли мобилизовать силы и ум народа в созидательном общем деле. Процесс признания наследия Абая Кунанбаева историографически делится на три основных этапа: дореволюционные исследования, труды советского периода и научный анализ периода независимого Казахстана.

Ключевые слова: Абай Кунанбаевич, исследование, идеология, историография, литература, точка зрения, абаеведение, сборник, культура.

Annotation. As the historian academician H. M. Abzhanov says, "an orphan without a person" is a person who has an eternal heritage that increases the competitiveness of his country and people, ensures the innovation, continuity and continuity necessary for its progressive development, and helps to safely overcome challenges. Those who care only about the head of a Blackbird will never be able to rise to the heights of personality. According to the teacher of the nation, "the most precious thing for a person is the care of the people, the work of the people" [1, 5 p]. In our national history, there are a lot of people who have seen a person from the height. These are forever imprinted in our historical memory, as they were able to creatively mobilize the strength and mind of the people to a common cause. The process of recognizing the heritage of Abay Kunanbayev from a historiographical point of view is divided into three main stages: pre-revolutionary research, works of the Soviet period and scientific analysis of the period of independent Kazakhstan.

Keywords: Abay Kunanbayuly, research, ideology, historiography, literature, vision, Abay studies, collection, culture.

Революцияға дейінгі зерттеулер. Ұлы Абайды тану мен бағалау жұмыстары алғаш рет ХХ ғасырдың басында Алаш зиялыларының еңбектері арқылы жүйелі сипатқа ие болды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт зиялылары Абайды қазақ халқының ұлттық идеясы мен рухани жаңғыруының символына айналдырды. Олар Абай шығармашылығына тек әдеби мәтін ретінде емес, қазақ ұлтының болашағы мен өркениеттік даму жолын айқындайтын дүниетанымдық феномен ретінде қарады. Бұл тұрғыда «Қазақ» газетінің бетінде жарық көрген мақалалар абайтану тарихындағы тұңғыш ғылыми пікірлердің негізін қалады. Әлихан Бөкейханның «Абай (Ибрагим) Кунанбаев» қазанамасы, 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарияланғаннан кейін, қазақ әдебиеттану ғылымы үшін маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Бұл еңбегі Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу жолын бастады. Қазанама Әлихан Бөкейханның абайтану саласындағы алғашқы қадамы ретінде бағаланады. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейханның еңбегі қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды ғылыми кезеңнің негізін қалады, бұл кезең Абай шығармашылығының жан-жақты әрі терең

зерттеле бастауымен сипатталады. Айгүл Исмакова, М. Базарбаев, С. Аққұлы сияқты филолог-әдебиетшілердің пікірінше, Әлихан Бөкейхан Абайтану саласында алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеулер жүргізген тұлға болып табылып, Әлиханды «алғашқы абайтанушы» ретінде қарастырады [2, 55-57 б]. Әлихан Бөкейханның 1907 жылы Семей бөлімшесі «Записки» журналының 3-басылымында жариялаған қазанамасы, әсіресе, Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып саналады. Әлихан Бөкейхан осы қазанамасында Абайдың өмір жолы мен шығармашылық ізденістерін жүйелеп, қазақ халқының ұлы ақынының өміріндегі маңызды кезеңдер мен оның әдеби және философиялық даму жолдарын ашып көрсетті. Әлихан Бөкейханның зерттеулерінде Абайдың 10-12 жас аралығында қазақ даласында жүріп хат танығаны, ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түсіп, білімін тереңдете бастағаны ерекше атап өтіледі. Бұл кезеңнің Абайдың рухани және шығармашылық тұрғыда қалыптасуына айтарлықтай әсер еткенін Бөкейхан өзінің еңбегінде нақты көрсетеді [3, 3 б]. Әлихан Бөкейханның бұл еңбегі абайтанудың алғашқы ғылыми зерттеулерінің бірі ретінде танылып, Абай Құнанбайұлының шығармашылығына қатысты негізгі деректерді ұсыну арқылы ғылыми негіз қалыптастырды. 1909 жылы Санкт-Петербургте И. Бораганскийдің баспасынан шыққан «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» жинағы - Абай Құнанбайұлы шығармашылығының алғашқы ғылыми жинағы болып табылады [4, 136 б]. Басылым қазақ әдебиетінде ерекше орын алады, себебі ол Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған тұңғыш жинақ ретінде тарихта қалды. Жинақтың құрастырушылары Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы, ал редакторы ретінде Әлихан Бөкейхан қызмет атқарған. Жинақта Абайдың өлеңдері 16 бөлімге топтастырылған, олардың арасында «Халық туралы», «Өлең туралы», «Ғашықтық туралы», «Аңшылық туралы» сияқты маңызды тақырыптар бар. Сонымен қатар, жинаққа Абайдың «Масғұт әнгімесі» мен «Ескендір» дастандары да енгізілген. Бұл жинақтың ерекшелігі, Абайдың А.С. Пушкиннен, М.Лермонтовтан және М.Крыловтан аударған өлеңдері де қамтылғандығында. Бұдан бөлек, жинақта Кәкітай Ысқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы жарияланып, ақынның фотосуреті де енгізілген [5]. Қайым Мұхамедханов Кәкітайдың Абай шығармашылығын зерттеудегі рөліне ерекше назар аударған. Кәкітай Абайдың тек шығыстың ұлы ақындарын ғана емес, сондай-ақ орыс және еуропа жазушыларының шығармаларын оқығанын атап өткен. Оның ішінде Пушкин, Лермонтов, Некрасов сияқты ақындардың шығармаларын Абай оқығаны туралы айтылады. Кәкітай Абай шығармашылығы туралы маңызды тарихи еңбектер жазған және Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты алғашқы жүйелі зерттеулерді жасаған тұлға болды. Сонымен қатар, Кәкітай «Әбдірахманның хаты» атты еңбегінде Абайдың әдеби мұрасы мен оның философиялық ойларын сипаттаған [6, 81 б]. Кәкітай Абайдың мұрасын зерттеуде үлкен еңбек сініріп, оның шығармашылығын зерттеу жолында маңызды материалдар жинаған.

Міржақып Дулатов «Ибраһим ибн Құнанбаев» атты мақаласында («Уақыт», 1908, № 383) Абай Құнанбайұлының әдебиеттегі орнын және оның шығармашылығын терең талдайды. Мақалада Абайдың әдебиетке қосқан үлесі мен қазақ мәдениетіне тигізген әсері қарастырылады. Сонымен қатар, М. Лермонтовтың «Жалғыздықта» өлеңінің қазақша аудармасының ерекшеліктері мен Абайдың бұл шығарманы таңдау себептері зерттеледі. Абайдың шығармаларының тереңдігі мен табиғилығы, сондай-ақ оның Лермонтовтың поэзиясымен үндестігі маңызды аспект ретінде белгіленген. Мақалада Абайдың білім мен таным аясын кеңейтіп, түрлі тілдер мен пәндер бойынша мол мәліметтерге ие болғаны көрсетіледі. Оның араб, парсы, түрік, тілдеріндегі білімінің оның шығармашылық деңгейін арттырғаны айтылады. Абайдың адамгершілігі мен мінезі, оның ұлтжандылығы мен елін сүйгендігі ерекше сипатталады [7, 131 б]. Мақалада Абай тек ақын емес, қазақ қоғамының рухани көсемі ретінде танылады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы Қазақ газетінде «Қазақтың Бас ақынында» (1913) Абай Құнанбайұлының шығармашылығын терең ғылыми тұрғыда талдай отырып, оның ерекше ақындық қасиеттерін атап көрсеткен. Ол Абайдың поэзиясын «сөзі аз, мағынасы көп терең» деп сипаттап, ақынның шығармаларының әрбір сөзінде терең мағына мен ойдың жатқанын ерекше атап өткен. Бұл пікір Абай шығармашылығының көпқырлы, күрделі және заманауи сипатта болғанын көрсетеді. А.Байтұрсынов Абайдың жазу стилі мен әдісіне ерекше назар аударды. «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады», - деп атап көрсеткен, яғни Абайдың шығармаларында шынайылық пен тереңдік, қарапайымдық пен көркемдік үйлесімді түрде көрініс табады. Абай тек өз уақытындағы шындықтарды ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін терең ойлар мен философиялық сұрақтар қойды. А.Байтұрсынов сондай-ақ Абайды басқа ақындардан ерекшелендіретін басты қасиетін де көрсеткен: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол

калыбынша дұрыс айтуды сүйген» [8, 141 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың поэзиясының терең білім мен көркемдікке негізделгенін, сонымен қатар оның шығармаларындағы қарапайымдылық пен шыншылдықтың басты орын алғанын айқындайды. Революцияға дейінгі кезеңде Абай Құнанбайұлы туралы жазылған материалдар оның шығармашылығы мен өміріне қатысты алғашқы ғылыми зерттеулердің негізін қалады. Бұл кезеңде Абайдың биографиясы мен шығармашылық мұрасы туралы мәліметтер жарияланып, қазақ әдебиетіндегі ұлы ақынның орны айқындалды. Абайдың еңбектері алғаш рет орыс тілінде аударылып, еуропалық ортаға таныстырылды. Оның шығармашылығы қазақтың ұлттық мәдениетін таныту мен дамытудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылып, Абай әдебиеттану ғылымында терең зерттеліп, еуропалық ғалымдардың назарын аударды.

Кеңестік кезеңдегі еңбектер. Кеңес кезеңінде Абай Құнанбайұлының шығармашылығы ресми идеологияның ықпалымен қарастырылып, оның шығармашылық мұрасы кеңестік саяси талаптарға сәйкес қайта интерпретацияланды. Кеңес Одағында Абай туралы ғылыми зерттеулер негізінен партиялық және таптық мүдделерге бағытталды, бұл оның тұлғасын және шығармашылығын саяси тұрғыдан түсінуге әсер етті. Кеңес билігіне келген большевиктер өздерінің ұлттық интеллигенция өкілдеріне қарсы тұрып, олардың бағытын қабылдамады. Мұның бір мысалы - 1920 жылдың 28 қаңтарында Омбыдан Семейге келген Сібіревкомның өкілі С. Шарафутдиновтың шағымы. Ол М.Ауэзов пен басқа да Алаш Орда партиясының өкілдерін Кеңес үкіметіне қарсы деп айыптап, оларды Коммунистік партияға қажетсіз адамдар ретінде таныды [9, 20-21 б.]. Бұл жағдай кеңестік биліктің ұлттық интеллигенцияға деген көзқарасын және оның шығармашылық мұрасын қалай бақылайтынын көрсетеді.

Авторитарлық жүйенің күшеюімен қатар, Абай мен оның шығармашылығын зерттеу және насихаттау ісінде саяси науқандар саны артты. Бұл кезде кеңестік идеологияның талаптары аясында Абайдың мұрасын қайта интерпретациялау басталды. 1925 жылдың 18 маусымында Қазақ АКСР-інің КПСС Территориялық комитетінің «Партияның әдебиет саясаты туралы» қаулысы қабылданды, бұл партияның әдебиет пен мәдениет саласындағы ықпалының артуына және рухани салада да көрініс табуына әсер етті. Сталиннің «Ұлт мәдениеті пролетариат диктатурасы дәуірінде мазмұны бойынша социалистік, түрі бойынша ұлттық болады» деген қағидасы осы кезеңдегі мәдениет пен әдебиетке қатысты негізгі идеологиялық бағытты айқындады [10]. Кеңес Одағының коммунистік билігі Абай шығармашылығын марксистік идеологияға бейімдеп, оның бейнесін жаңа тұлға ретінде ұсынды. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Абай туралы пікірталастар басталды, оның шығармашылығы партиялық талаптарға сәйкес түсіндіріле бастады. С.Мұқанов 1923 жылы «Еңбекші Қазақ» газетінде «Абай байлармен, бізбен емес» деп жазып, оны аристократияның өкілі ретінде көрсетті. 1927 жылы ол Абайды аристократ ретінде сипаттап, оның жаңашылдыққа ұмтылғанын айтты. Мұқановтың бұл көзқарасы Абайдың әлеуметтік тегіне және оның қоғамдағы орнына қатысты пікірталастарды тудырды. [11, 306 б.]. Осы кезеңде Бейсенбай Кенжебаев Абайдың шығармашылығында оның байлар немесе әлеуметтік таптың өкілі емес екенін атап өтті. Кенжебаевтың пікірінше, Абайдың өлеңдері мен философиясы байлардың емес, барлық адамдардың, соның ішінде кедейлер мен қарапайым халықтың мүдделерін жақтайды деп түсіндірген болатын [12]. М.Әуезовтың «Абай жолы» романы кеңестік идеологияға бейімделсе де, партия тарапынан сынға ұшырады. 1946 жылы жазылған мақалаларында қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлері туралы көтерген мәселелері партияға ұнамады, бұл оның шығармашылығына қарсы науқанның күшеюіне әкелді. Алайда, 1949 жылы «Абай жолы» романы Сталин сыйлығымен марапатталды, бірақ оның жұмыстары партияның бақылауында болды. Бұл кезеңде М. Әуезов пен оның шәкірттеріне саяси қысым мен цензура жасалды, бірақ бұл олардың шығармашылық мұрасына әсер еткен жоқ [13, 304-308 б.]. Кеңестік биліктің қысымы М. Әуезовпен ғана шектелмей, қазақ әдебиетінің басқа өкілдеріне де бағытталды. 1947 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Ж. Жұмақановтың «Абайға ешбір қоқыс келмейді» атты мақаласы ерекше орын алады. Мақалада Семейдегі Абай музейінің жағдайы сынға алынып, мұражайдан «қоқыстарды» тазарту қажеттігі айтылған. Жұмақанов, сонымен қатар, К. Мухамедхановтың «Қазақ әдебиеті қазіргі заман талаптарына сай болсын» мақаласын да теріс бағалап, Абайға қатысты еңбегін сынға алды [14].

К. Мұхамедханов өз мақаласында Абайдың шәкірттерін зерттеуде ғылыми көзқарастарын ұсынды. Алайда, оның ғылыми жұмыстары кеңестік идеологияға қайшы келіп, Абайдың поэтикалық мектебі мен оның шәкірттері, соның ішінде Тұрағұл, Әріп, Шәкәрім, «антисоветтік» және «антипартиялық» деп айыпталды. К. Мұхамедханов Абай мектебін прогрессивті және ғылыми тұрғыда бағаласа да, газет оның көзқарастарын кеңестік ұстанымдарға қарсы деп сынға алды. Бұл жағдай қазақ әдебиеттану ғылымына қатысты идеологиялық қысымды күшейтті, өйткені Абайдың поэтикалық мектебі айналасындағы дау-дамайлар тек ғылыми емес, саяси сипатта болды. 1951 жылы 7 сәуірде

Қайым Мұхамедханов «Абайдың поэтикалық мектебі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Қорғау барысында Мұхтар Әуезов пен оның шәкірті Қайым Мұхамедханов кеңестік идеологияға қарсы тұру үшін айыпталды. Бұл пікірталас ғылыми емес, саяси шабуыл болды, себебі М. Әуезовке және оның шәкіртіне қарсы бірнеше саяси күштер бірікті. Қорғау кезінде С. Нұрышев және К. Жұмалиев диссертацияны «зиянды» деп танып, оған қарсылық білдірді. Олар М. Әуезовтың Абай шығармашылығын панисламизм ретінде түсіндіріп, Абайдың орыс мәдениетіне бет бұруын да осы идеямен байланыстыратын пікірлерін қатаң сынады. Бұл кеңестік ғылымның талаптарына сәйкес келмеген «антисоветтік» көзқарас ретінде бағаланды [15]. 1951 жылы Абайдың әдеби мұрасын талқылау барысында бірнеше ғалымдар пікір білдіріп, Мұқанов Қ. Мұхамедхановтың М. Әуезовтің пікірлерін қайталағанын айтты. «Абай мектебі» концепциясына қарсы шыққан пікірлер ғылыми еркіндікке шектеу қойып, Мұхамедхановты антисоветтік әрекеттер үшін тұтқындауға әкелді. [16, 597-599 б].

История Казахской ССР: С древнейших времен до наших дней (под ред. М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой, 1943) еңбегінде Абай Құнанбайұлы туралы көп айтылмаса да, ол қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі ретінде Чокан Алтынсаринмен қатар аталған [17, 331 б]. 1957 жылы шыққан ҚазССР тарихы 1 томында Абай Құнанбайұлы тек ұлы халық ақыны ретінде емес, сонымен қатар жеке трагедияларды бастан кешірген тұлға ретінде сипатталған. Абайдың шығармашылығында оның әкесімен болған қиындықтары, отбасы мен жақындарының әділетсіздікке ұшырауы айқын көрініс тапқан. Әсіресе, әкесі арқылы тартқан азаптары шығармаларында кеңінен баяндалады. Бұл еңбекте Абайдың идеялары маркстік талдауға сәйкес келетіндігі және феодализм мен клерикализмге қарсы күресуші ретінде бейнеленгені атап өтілген. Сонымен қатар, Абайдың шығармашылығында феодализм мен діннің үстемдігін сынауы оның қоғамдағы прогрессивті рөлін көрсетеді. Ленин мен Толстойдың көзқарастарымен ұқсастықтары да қарастырылған [18, 469-470].

XX ғасырдың 60-80 жылдардағы Абай туралы жазылған еңбектерде коммунистік партияның бекіткен идеологиялық талаптары айқын көрінеді. Ә.Жиреншиннің жарияланған зерттеулерінде Абай Құнанбайұлының ұлттық ақын ретіндегі бейнесі айқын көрінеді. Жиреншиннің пікірінше, Абай байлар мен феодалдардан алыс болып, халықтың мүддесін көздеген [19, 121 б]. Абайдың шығармашылығы кеңестік идеологиямен үйлесіп, ұлттық сананы қалыптастыруға әсер еткен. Бұл зерттеулерде Абай феодалдық құрылымдардың емес, ұлттық ақын ретінде сипатталады, оның шығармалары халықтың әлеуметтік және мәдени дамуына бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3- кітап. - Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 512 б.
2. Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. - Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. - 288 б.
3. Записки Семипалатинского Подотдела. Выпуск III. Семипалатинск: Типо-Литография Торг. Дома И. Шемчук, 1907.
4. Машакова Н.С. Литература Казахстана в книгоиздательской деятельности России второй половины XIX - начала XX в. Научное и культурное взаимодействие в контексте развития книгоиздания, книгообмена и науки о книге: К 15-летию Центра исследований книжной культуры: Материалы Международной научной конференции (Москва, 8-10 ноября 2016 г.) / отв. ред. В.И. Васильев; сост.: Д.Н. Бакун, М.А. Ермолаева. - М.: ФГБУ науки НИЦ «Наука» РАН, 2016. - 256 с.
5. Абай. Энциклопедия. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 2005.
6. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. - Алматы: Атамұра, 1995
7. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы: Мектеп, 2003.
8. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. I т. - Алматы: Ел шежіре, 2013. - 384 б.
9. Сулейменов, З. (1999). Великий художник и власть (давление тоталитаризма на казахских интеллектуалов). *Абай*, 1.
10. Браинин, Я. (1936). Солидарность и дружба народов благосостояния. *Социалистический Казахстан*, 161 (16 июля).
11. Makhat, D. (2021). The Repression of the Soviet Totalitarian Regime Against Works of Abai Kunanbaiuly: History and Consequences / D. Makhat; eds. S. Beylur, O. Hanayi. - Almaty: Eurasian Research Institute (ERI), 2021.
12. Кенжебаев, Б. Абая. Еңбекші Қазақ, 14-15 августа 1925 г.

13. Жумаканов Ж. ни один мусор не подходит Абаю // социалистический Казахстан, 1947, 2 августа.
14. Каюм Мухамедханов: литературная школа Абая (стенограмма диссертационного <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13633>)
15. Бауыржанова Э. Б. Изгнанные абаеведы: Каюм Мухамедханов // Материалы XVI Международной научно-практической конференции. В 3-х частях. Том Часть 1. Ростов-на-Дону, 2021. - Ростов-на-Дону: ООО «Издательство ВВМ», 2021. - С.
16. Панкратова А., Абдыкалыков М. (ред.). История Казахской ССР: С древнейших времен до наших дней. - Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. - 671.
17. История Казахской ССР [Текст] ; редкол.: М. О. Ауэзов [и др.] ; Акад. наук КазССР, Ин-т истории, археологии и этнографии. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. - Т. 1. - 608 с
18. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы [Мәтін] : шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм / Б. Ғабдуллин ; [ред. менг. М. Әкімжанов, ред. О. Оралбеков]... - Алматы : Қазақстан, 1988.
19. Жиреншин, Әбіш. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары : жинақ / Ә. Жиреншин. - Алматы : Қазмембас., 1959. - 266 б.

ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН: ҒЫЛЫМДА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ

Амангелді А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Нурпеисова Э.Т.
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ.

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин - Қазақстан ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосқан көрнекті ғалым әрі ұйымдастырушы. Ол математикалық физика, есептеу математикасы, кинетикалық тендеулер теориясы және ғарыштық зерттеулер салаларында іргелі нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық деңгейде танылған ғылыми мектеп қалыптастырды. Ғылым академиясын басқарған кезеңінде ұлттық ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту, жаңа институттар ашу және ғарыштық бағдарламаларды дамыту бағытында маңызды бастамалар жүзеге асырылды. Бұл мақалада Ө.М. Сұлтанғазиннің өмір жолы, ғылыми мұрасы және Қазақстан ғылымына қалдырған тарихи үлесі қысқаша талданады.

Өмірзақ Сұлтанғазин 1937 жылы Урицкий ауданындағы (Қазіргі Сарыкөл ауданы) Қараоба ауылында Сұлтанғазы Махмұтов пен Нуриля Темірбайқызының шаңырағында дүниеге келді. Ата-ананың шексіз қуанышы мен жүректеріндегі жасырын аландаушылықты бірдей жеткізетін терең символикалық жайт - оған Өмірзақ деп ат қоюы болды. Бұл сөз қазақ тілінде тура мағынасында «ұзақ ғұмыр» дегенді білдіреді. Әке мен ананың бұл атты саналы түрде таңдағаны сөзсіз: олар ұлына жақсы тағдыр тілеп, Жаратқаннан оған ұзақ өмір сұрағаны анық. Ол сол аудандағы жалғыз қазақ мектебінде - Әулиекөл болысының жетіжылдық мектебінде білім алды.

Балалық шағынан бастап ол мал шаруашылығы мен тәлімі егіншілікке маманданған колхозда ата-анасының жауапкершілікпен атқарған еңбегіне куә болып өсті, сондықтан күнделікті тұрмысқа қажетті еңбек өнімдерінің нақты құнын ерте түсінді. Өмірзақ Сұлтанғазин жас кезінен-ақ шаруашылық жұмыстарына тартылды: мал күтумен айналысты, масақ терді, егін жинау науқаны кезінде тоқ жұмыстарында көмектесті. Соғыс жылдарының басым бөлігінде, әсіресе оқу демалыстары кезеңінде, ол өгей әкесімен бірге колхозда еңбек етіп, ауылдағы ауыр дене еңбегінің барлық түрін меңгерді.

Өмірзақ Махмұтұлының ең көп тартақан пән - математика еді. Бұл пәнді оған құштарлығымен Нұрым Төлеубаев 5-7 сыныптарда оқытқан еді. [1, с.10]

Қараоба ауылдық мектепін бітіріп, КазМУ университетіне, физика-математика факультетін «математика» мамандығына оқуға түседі. 1958 жылы университетті үздік бітірді және КазМУ-да оқытушылық қызметке ұсынылды. Осы кезде оның ғылыми жолы басталады. Университетте ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, есептеу математикасы кафедрасының меңгерушісі лауазымдарында еңбек етті.

1962 жылдың соңында Өмірзақ Махмұтұлы математикалық есептеулер мамандығы бойынша оқитын студенттердің дипломалды тәжірибесінің жетекшісі ретінде Сібір бөлімшесінің Математика институты мен Есептеу орталығында алғаш рет Академқалашыққа барады. Академқалашыққа қоныстанған жаңа буын ғалымдарының энтузиазмы, есептеу математикасының заманауи бағыттарын